



Eurasian Bank

ПРЕСС - РЕЛИЗ

«Еуразиялық банк» АҚ 2012 жылдың өткен 11 айындағы қызметінің қорытындылары

Алматы, 2012 жылғы 12 желтоқсан – Еуразиялық банк 2012 жылдың өткен 11 айындағы өзінің қызметінің нәтижелерін ұсынды. Құбылмалы жаһандық экономика жағдайында Банк он серпінді негізгі қаржы көрсеткішін көрсете білді.

2012 жылдың өткен 11 айындағы Пайдалар мен шығындар туралы есептің негізгі көрсеткіштерінің 2011 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырмалы серпіні төмендегідей болды:

- **Таза пайда 9,1 млрд** теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезең үшін таза пайдадан **75,2 %** артық;
- Резерв қалыптастырғанға дейінгі **таза пайыздық кіріс** өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **54,5 %** ұлғайды және **19,6 млрд** теңгені құрады;
- **Таза пайыздық маржа (NIM) 7%** құрады.
- **Капиталдың пайдалылығы** (жарғылық капиталдың ұлғаюын ескере отырып) (ROAE) **25,7 %** құрады;

2012 жылдың 11 айы үшін Банктің **таза пайдасы** өткен 2011 жылдың ұқсас кезеңі үшін ұқсас көрсеткіштен **1,4** есе асып, **9,1 млрд** теңгені құрады. Таза пайданың өсуі Банктің несие портфелінің ұлғаюы салдарынан пайыздық кірістіліктің өсуімен байланысты.

Тәуекелдерді басқару Банктің негізгі бағыттарының бірі болып қалады. 2012 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Еуразиялық банк бизнесінің құрылымындағы төлем мерзімі 90 күннен аса кешіктірілген жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) жиынтық портфельдің **6,8 %** құрады. Бұл ретте қарыздар бойынша мүмкін шығындардың орнын толтыру коэффициенті **122,9%** құрады.

Өткен 11 ай үшін **таза пайыздық маржа** өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **29,6%** ұлғайып, **7,0%** құрады. **Таза пайыздық маржаның** мөлшері мен серпіні Банктің пайдалылығын және оның операцияларының жоғары тиімділігін көрсетеді.

Ағымдағы жылдың есепті кезеңіндегі Банк **активтері** жыл басынан бері **24,4%** ұлғайып, **459,7 млрд** теңгені құрады. Банктің **несие портфелі (брутто)** **363,8 млрд** теңге деңгейіне дейін ұлғайды, бұл 2011 жылғы деректермен салыстырғанда **36,2%** жоғары.

Банктің **меншік капиталы** жыл басындағы деректермен салыстырғанда **45,9%** ұлғайып, **47,0 млрд** теңгені құрады.

Еуразиялық банк Қазақстандағы барынша тұрақты және қарқынды банктік институттарының бірі, корпоративтік, ШОБ және бөлшек секторды қосқанда банк бизнесінің барлық бағыттарын табысты дамытып келеді. Осыған байланысты, 2012 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша **кредиттік портфель құрылымы** (брутто) келесідей:

- Корпоративтік сегмент – **167,5** млрд теңге (жиынтық несие портфельінің **46,0%**);
- ШОБ – **54,9** млрд теңге (портфельдің **15,1%**);
- Бөлшек сегмент – **141,4** млрд теңге (портфельдің **38,9%**).

Келесі жылы Банк клиенттік базаны әрі қарай кеңейту, Интернет және ұялы банкинг сегменттерінде көшбасшылық позицияда болу, Банктің ІТ инфрақұрылымын жетілдіру, жеке банктік қызмет көрсетуді белсенді дамыту (Private Banking) және Қазақстан бойынша филиалдар желісін кеңейту тәрізді бағыттарда қарқынды қадам жасауды жалғастырады.

Еуразиялық банктің нәтижелі қызметі **Standard & Poor's** рейтингілік агентінің шешімінен көрініс тапты – 2012 жылғы тамыз айында Банктің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «тұрақты» болжамымен **B+** дейгейін растады. Сондай-ақ ағымдағы жылдың шілдесінде Қазақстандық «**KzRating**» агенттігі Банктің кредиттік рейтингін ұлттық шкала бойынша «BBB»-дан «A-» дейін және халықаралық шкала бойынша «BB-» «BB» дейін көтерді. Рейтингтер бойынша болжам – «тұрақты».

2012 жылдың 11 айын қорытындылай келе, «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасы Майкл Эгглтон: *«2012 жылы Еуразиялық банктің алдында нарықтық үлесті ұлғайту, Банктің бөлшек бизнесін кеңейту, сапалы қарыз алушылардың есебінен активтердің самасын көтеру, несие портфельін өсіру секілді маңызды стратегиялық мәселелер болған. Бүгінгі күні бұл мәселелердің орындалғанын және нәтижесінің айқын екенін мәлімдей аламыз»,* - деп атап өтті.

Банктің 2012 жылғы табысты қызметі Еуразиялық банкті осы жылы Қазақстанның 2012 жылғы үздік банкі (Euromoney) және Қазақстанның үздік бөлшек банкі (Asian Banking & Finance) және Қазақстанның үздік банкі (The Banker) деп таныған халықаралық қаржы басылымдарының мәртебелі марапаттарымен расталады.

2012 жылғы 05 желтоқсанда «Еуразиялық банк» АҚ KazPrime қазақстандық банкаралық депозиттер индикаторын қалыптастыру жөніндегі келісімнің қатысушысы болды. KazPrime қатысушыларының тізіміне кіру Банктің Қазақстанның банкаралық ақша нарығындағы беделділігі мен кредиттік сапасының жоғарылығын, осы нарықтағы операцияларға белсенді қатысуын және қаржылық сенімділігін білдіреді.

2012 жылы Банктің Қазақстан бойынша бөлімшелер желісі клиенттер үшін қолайлы жұмыс кестесімен ондаған жаңа Қызмет көрсету орталығына көбейді. Банк өз клиенттері үшін қызмет көрсету сапасы мен жайлылық деңгейі бойынша үздік банк болуға ұмтылады және кредиттерді өтеуге арналған жеке терминалдар желісі мен көп функционалды банкоматтарды енгізді. Бөлшек желілерді кеңейту келер жылы да жалғасын таппақ және 2013 жылдың соңына дейін Банк платформасы 20 филиал мен 130 астам бөлімшелерге көбейеді.

2012 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің белсенді клиенттерінің базасы 635 013 құрады.

«Еуразиялық банк» АҚ баспасөз қызметі
 тел. +7 (727) 259 95 99 (3288)
Inna.Dubrovina@eubank.kz
www.eubank.kz